

Шығармашылық практикалық тапсырмалар

Тапсырма 1. Адамның ақпаратты қабылдау түріне байланысты айтылған мәліметті кіші әріппен бас әріске жаз

Қайрат түнімен футбол қарап сүйікті командасының жеңілгеніне қапалы болды

Азаматтың папасы радиодан берілген хабарды тыңдап карантин ережесі бойынша киноға баруға болмайтынын айтты.

Өсем мамасының пісірген тамағының үнемі тәтті болатынын достарына қуана айтты

Еснұр кабинетке папасының иіс суын төккеннен бәрі мұрнын жауып далаға шығып кетті

Айнұр саунада жарық өшіп қалып ауыстырып қосқышты әйтеуір іздеп тапты

Тапсырма 2.

Суретте бейнеленген заттардан сурет ретіне қарай отырып ақпаратты қабылдаудың қай түрі бойынша қабылдайтынын сол жақ батырмамен жылжытып сәйкестендір.



Иіс сезу



сипап сезу



Дәм сезу



көру

Тапсырма 3.

2-суретте қазақ алфавитінің әріптері тұрған қатар және баған нөмірлері бойынша терминдер шифрланып көрсетілген. Мысалы, И әрпі 2 және 5 цифрларымен шифрланған. Себебі, И әрпі 2 қатардағы 5-бағанда орналасқан.

Ескерту жауаптарды бас әріппен жаз

1. 11 32 15 36 42 25 44 33
2. 17 21 27 36 17 44 11 45
3. 11 42 34 11
4. 15 42 11 51 25 27 11
5. 11 31 41 11 42 11 44

	1	2	3	4	5	6	7
1	А	Ә	Б	В	Г	Ғ	Д
2	Е	Ё	Ж	З	И	Й	К
3	Қ	Л	М	Н	Ң	О	Ө
4	П	Р	С	Т	У	Ү	Ұ
5	Ф	Х	Һ	Ц	Ч	Ш	Щ
6	Ъ	Ы	І	Ь	Э	Ю	Я

2-сурет. Қазақ алфавиті